

Кәріпбек Күйіков биыл жаз отыз жетіге толды. Үшінші мүшелі жасынан Қарағандыдағы «Ардагерлер үйінде» шыққан Семей полигонындағы зұлмат ядролық жарылыстар құрбаны, қос қолы туа жоқ болса да, аяғымен, тісімен сурет салып, даңқ-дарыны дария-мұхит асып, өршіл жігерімен «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының көшбасшысында жүрген азамат қазір ел қатарлы қоңыр тірлік кешіп жатыр.

Кәріпбек 1949 жылдың 29 тамызында алғаш рет плутоний зарядымен толтырылған ҒДСІ бомбасы сыналған, содан 1989 жылға дейін ұзын саны 456 ядролық-термоядролық жарылыс жасалған, 18 мың шаршы метр алапты алып жатқан полигонның іргесіндегі Егіндібулақ аулында 1968 жылы дүниеге келген. Олжас Сүлейменов бастаған антиядролық қозғалыс тұсында зұлмат зобалаңға қарсы күрес дәуірінің, қайта құру тұсындағы тоқыраудан ояңған қазақ рухының Символы еді. Қылқаламды бақайларымен сығымдап ұстап, қарындашты тістеп алып-ақ кенептің бетіне жалғанның жалған келбетін кестелеген, кеудесі шабытқа толы суретші еді. Жазарман ағайын 90-жылдары күн құрғатпай келіп «ығыр» қылған суретші қазір «күндізгі Ай» секілді елеусіздеу. Өзіне де осы тірлігі жайлы тәрізді. Жетінші қабаттағы бір бөлмелі пәтерінде көксандықтағы ойыр ғаламға арбалып жатар жайы бар. Сөйте тұра құмырсқа илеуіндей құжынаған қалада оны табу оңай емес. Халін сұрап амандаспаққа бел бұғанда, апталап жүріп, өздер тапқанбыз. Амандаса барған соң «осы жұрт Кәріпбекті неге ұмытты?» деп ойға қалдық.

Інім үйленіп, жеке отау тігіп кеткен, қарындасымының өз отбасы бар, ата-ана ауылда - мен не істейін жалғыз үйде? Осылардың арасында қыдырыстап, күйкі шаруамен жүремін. Жақында жиен бауырым әскерден келді, жұмысқа орналастырдым, енді екеуіміз бірге тұратын боламыз. Кешегі күн келмесе кетті ғой, қазір ел ортасында беймарал күн кешіп жатырмыз,- дейді Кәріпбек. — Анда-санда шабыт қысып, кеуде қоздағанда ғана сурет саламын. Өйтпесе оған да қол тимей кетеді...

Төрт жасында әкесі Телтай әуелі Шымкенттегі протез жасау институтына, кейін Ленинградтағы протез институтына апарып, ақыр-аяғы сол Петерборда оқуға қалған Кәріпбек елге оншақты жылдан соң бір-ақ оралған. Суретке құштарлығы да сол елде жүргенде ояныпты. «Мен секілді балаларды бір бөлмеге кіргізіп, бір қорап бояу-қарындаш беріп, жерге қағаз жайып тастап, оңаша қалдыратын. Алғаш салған суретім есімде жоқ. Меніңше, даланың, аспанның, күннің суретін салған шығармын. Жалпы, шартарабы нұрға толы шалқар дала, тау-орманды - бір сөзбен, пейзаж жазғанды ұнатамын. Төрт қабырғада қамалып отырған жанға пейзаждан жақын сурет жоқ қой». Ресейден кәмелетке толған соң бухгалтерлік диплом алып оралған Кәріпбек 1989 жылы ақпанда жер қойнауында жасалған сәтсіз

Осы жұрт Кәріпбекті ұмытты ма?!



(жарылыстың сәттісі болмас, сірә!) сынақтан соң Жазушылар Одағында өткізілген қарсылық акциясы арқылы құрылған «Невада-Семей» қозғалысының көшбасшысы Олжас Сүлейменовке хат жазды. 1990 жылы Алматы-Хиросима телекөпіріне қатысып, содан бастап-ақ, ғаламшардың әр тарабындағы сынақ полигондарын жабуға арналған қарсылық қозғалыстарына қатысуға жол тартады.

- Белгілі журналист В.Познер жүргізген телекөпірге мен өз картиналарымды ала барып едім. Антиядролық қозғалыстың рухани көсемі Олжекемен иықтаса жалғанның жартысын араладық. Әуелі жапондардың «Хибакуша» қоғамдық қозғалысы, сосын АҚШ-тың гринписшілері, Түркияның, Алманияның қозғалыстары шақырды. Айтқандай, биыл тамыздың 6-жаңасында Жапонияда болған жарылысқа тура 60 жыл толды. Жапондар зұлматтың салдарын жоюға ересен шаралар қолдануда. Ал біздегі жарылыс-сынақтар 40 жыл бойы ұласып, одан мыңдаған есе артық қатер төндірді емес пе? - дейді Кәріпбек. - Біздің әкей мен шешей атом бомбасының алып саңырауқұлағын өз көзімен көрген адамдар. Әкей өмір бойы жүргізуші болған, полигон аймағына талай рет кіріп кетіп, солдаттар алып шығыпты. Қарапайым қазақ білмеді ғой жарылыс салдары қандай боларын...

Ана құрсағында жатып-ақ, жарылыстың жаңғырығын естіп, тәніне жазылмас жара түскен Кәріпбек өмірге мойыған жандар санатында емес. Керісінше, жанарынан жасөспірім бозбаланың риясыз аңғал жанындай



жарқын шуақ шашырап, даусынан тұнық лебіз аңқиды. Өлде 1991, әлде 1992 жыл. Теміртауда өткізіліп жатқан Кәріпбектің сурет көрмесіне Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы келеді. Болат қалаға жұмыс сапарымен келсе керек Елбасы. Суретшінің жарқын пейзаждарына тәнті болған Президентке Кәріпбек өз автопортретін сыйға тартыпты.

- Ол суретте жарылыстар тілгілеген дала, дала төсінде бой көтерген атом саңырауқұлағы, қырға төселген адамша, алаша үстінде бесікте жатқан бала - мен ғой - бейнеленген-туғын... Жалпы, мен көптеген суреттерімді қалаған жандарға сыйға тарттым. Көрмелерім де әр жерлерде өткізілді. Антиядролық қозғалыспен бірге жол түскен мемлекеттердің ірі қалаларында, Қарағандыдағы жекелеген мекеме-заводтарда болды. Ең соңғы көрме, ұмытпаса, Түркияда 1994 жылы қоңыр күзде болды-ау деймін.

Суреттерімді басында сұраған жанға байлап жіберетінім, кейін үзеңгілес жігіттер «бұл сенің туындың, сыйға берген де жөн, ал сатсаң тіпті жақсы болар еді» деп, са-туға да көндірді. Зейнетақым 4-5 мың теңге болған кездері, 50 мыңға картина сатқан реттер болған. Қазір көп суреттерім елдің қолында. Өзімде, ауылдағы үлкен үйде, бауырларымың үйінде біразы бар. Барлығының басын құрап, бір альбом кітап шығаруды армандаймын. Атақ қуғандық емес, бір еселтеп, менің шығармашылығыммен танысқысы келетін жандар үшін көмек болар еді. Екіншіден, қазіргі жастардың бойкүйездігіне қаршым ашады. Адам өміріде бар игілікті өз құшімен жасауы керек. Қол-аяғы балғадай жігіттер араққа салынып, теріс жолмен жүргенін көргенде қаным қайнайды. Ата-анаға масыл болған азаматты көргенде де, осы ойымның дұрыс екеніне сенімім беки

түседі. Мен, мысалы, төні сау жандарға бейімделген ортада өмір сүремін. Темір шауғімді тісімен көтеріп, пешке қойып, аяғыммен ет тұтатып, шай қайнатып ішемін. Аяғыммен ет тұрап, ас қамдаймын, кір киімді өзім жуып аламын. Банкіге барып, зейнетақымды өзім аламын, пәтерақы төлеймін. Қоғамдық көлікте де ешкімнің демеуінсіз жүре беремін. Жаны жабырқаулы әкеге, өзі де аурулы шешеге, өз өмірі, отбасы бар бауырларға масыл болғым келмейді,- дейді Кәріпбек.

Кәріпбек үкіметтің ілкіде қосқан әлеуметтік жәрдемақылары бар, басқа алашағы бар жалпы көлемі 11 100 теңге зейнетақы алады екен. Зейнетке жасына байланысты шықпағандықтан, шілдеде үлестірілген үш мың теңге қосымша қаржыдан қағылған. Оның сыртында әлеуметтік қорғау бөлімінің мүгедек жандарды күту үшін үш айда бір берілетін 800 теңге жәрдем бар, жалпы сомасы 12 000 теңге қаладағы жалғызбасты жан үшін бір айлық тамаққа да жетпейтіні анық қой. Желтоқсанда қоғамдық көлікте жүруге берілген жолақы билеті жарамсыз болады екен.

- Көбіне ет тұрауға ерініп, дүкеннен дайын полуфабрикаттар сатып аламын. Қаражаты бар болғыр, өмірі жетпейді ғой. Әредік дәрі-дәрмек алу керек, ауруханаға қаралу керек, қыстығын көктайғақта барар жеріне таксимен жетуің керек - өзіңдімен жүріп жатырмыз,- дейді суретші. - Мен депутат мырзалардан сұрағым келеді: үш айда бір берілетін 850 теңге күтімақы кімге жетеді? Менімен көрші бір жалғызбасты әжей тұрды, өткен қыста аяғын сындырып алып, төсек тартып жатыр. Ол кісінің күту үшін де 850 теңге бөлінеді. Ұят қой, тіптен. Бұрын әлеуметтік көмек бөлімі мен сияқты өздігінен жүріп-тұру қиындық тудыратын жандарға көмек ретінде 100 литр бензин беретін. О.Жандосов көкемінің арқасында одан да айрылып қалдық,- деп күледі Кәріпбек.

Суретші жаңа заман дизайнерлерінің көшінен қалмас үшін бір компьютер алсам деп армандайды. Интернеттің иірімдеріне де кеше өзі жүріп өткен елдердегі жамағайынның хал-ахуалын жетік білгісі келеді-дүр. Бірақ, оған «ұсыңса қолы жетер ме» арманшылдың! Оған көмектесіп, демеу болайын деген Атымтай жомарттардың бүгінге жеткен «сырқаттарын» да көріп отырған жоқпыз...

Ғаламшардың өр түкпірін аралап, қазақ даласының тәніне жара салған, қаншама ұрпақтың тағдырын тас-талқан еткен полигонды әшкерелеген жігіт ағасының жігері тасқа жаныған қылыштай. Бұйралау шашына сөл боз қылаң қылау түскені болмаса, жанары от шашады. Кеудесінде кешегі дүбірлі күндерге деген сағыныш бар сыңайлы. Даладағы атом аждаһасының дүбірі емес, сол дүбірді мінгі өшірмекке жанталасқан атқа мінген айдыңды күндердегі Олжас-тұлпарлардың дүбіріне деген сағыныш...

Серік САҒЫНТАЙ.